

Қаралды
Бірлестік жетекшісі:
Жарылқасын А.

« 24 » 08 2021 ж.

Келісемін
Оқу ісінің меңгерушісі
Амантай А.А.

« 25 » 08 2021 ж.



"Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
Перспективлық жоспары 2021-2022

Сыныбы: мектепалды даярлық 0«А»
Тәрбиешісі: Бодон Г.

Сауат ашу негіздері

Түсінік хат

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі

5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешені Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Коммуникация» білім беру саласына негізделіп жазылған.

«Сауат ашу негіздері» сабағының

Мақсаты: тілдің фонетикалық және графикалық жүйесін игеру барысында балаларды оқылым мен жазылым дағдыларын меңгеруге даярлау.

Міндеттері:

Фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту;

Сөздің дыбыстық құрылымы мен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін және дыбыстық талдау әрекеттерін қалыптастыру;

Қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

Дыбыстық талдау мен жинақтау іс-әрекетін қалыптастыру;

Тіл, сөйлем, сөз, буын, екпін, дыбыс және әріп туралы түсінікті қалыптастыру;

Балаларды талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру.

«Сауат ашу негіздері» сабағының мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, олар күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде жүйелілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Қатынас» Сауат ашу негіздері
Аптасына: 2 сағат, барлығы 64 сағат**

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1-2	« Мен кімін және қандаймын?»	Дыбыс	Дыбыс туралы түсінік беру.Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту.	2	02.09.21 07.09.21
3		Сөз	Балаларға сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру.	1	09.09.21
4		Буын	Сөзді буынға бөлу,Сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау	1	14.09.21
5-6		«А» дыбысы мен әрпі	А әрпімен таныстыру, «а» дыбысының дауысты дыбыс екенін анықтау.А әрпін көркем жаза білуге қолдарын жаттықтыру.Дыбысты дұрыс дыбыстай білуге тіл моторикасын жаттықтыру.	2	16.09.21 21.09.21
7-8		«Н» дыбысы мен әрпі	Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [н] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату,Н әрпімен таныстыру	2	23.09.21 28.09.21
9-10	«Мектепке не үшін барамыз?»	«Ғ» дыбысы мен әрпі	Ғ әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру..	2	30.09.21 05.10.21
11-12		«Р» дыбысы мен әрпі	Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [р] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін өздеріне анықтату,Р әрпімен таныстыру.Ауада,дәптерге дұрыс жаза білуге тәрбиелеу.Әріптерден құралған буындарды жатқа білуге білімдерін кеңейту.	2	07.10.21 12.10.21
13-14		«О» дыбысы мен әрпі	[о] дыбысымен және әрпімен таныстыру.О дыбысы дауысты дыбыс екенін түсіндіру.Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыту.Дыбыстық талдау жасай білуге тәрбиелеу.	2	14.10.21 19.10.21
15-16		«Қ» дыбысы мен әрпі	Қ әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру.Әріптерді дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыту.	2	21.10.21 26.10.21
17-18	«Менің айналамда кімдер бар?»	«М» дыбысы мен әрпі	[м] дыбысымен және әрпімен таныстыру.М дыбысының неге ұқсайтынын сұрау.Буындарды қосып оқуға білімдерін кеңейту.Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.	2	28.10.21 09.11.21

19-20		«Б» дыбысы мен әрпі	Б әрпімен таныстыру, ә дыбысының жіңішке айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау. Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру.	2	12.11.21 16.11.21
20-21		«С» дыбысы мен әрпі	[с] дыбысымен және әрпімен таныстыру С дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу. Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру. Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	2	19.11.21 23.11.21
22	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	«Ң» дыбысы мен әрпі	Ң әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру. Н мен Ң дыбысының айырмашылығын түсіндіру. Ң дыбысын айтылуын қадағалау.	1	26.11.21
23-24		«Е» дыбысы мен әрпі	Е әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру. Дауысты дыбысқа жататынын айту. Сөздерді буындап оқи білуге 2-27 тәрбиелеу. Сөздерді қызығушылықпен оқи білуге қалыптастыру. Әріптерді түзу, көркем жаза білуге тәрбиелеу.	2	30.11.21 03.12.21
25-26	«Денсаулықты қалай күту керек?»	«І» дыбысы мен әрпі	[і] дыбысымен және әрпімен таныстыру. І әрпі неге ұқсайтынын айтқызу. І дыбысын дұрыс айта білуге тілдік моторикасын жетілдіруге тәрбиелеу.	2	07.12.21 10.12.21
27-28		«Ә» дыбысы мен әрпі	Ә дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ә дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру. Ә дыбысынан келетін сөздер айтқызу. Дәптер бойынша тапсырмаларды дұрыс орындай білуге білімдерін кеңейту. Әріпті дұрыс жаза білуге тәрбиелеу.	2	14.12.21 21.12.21
29-30		«Ө» дыбысы мен әрпі	Ө әрпімен таныстыру, ө дыбысының жуан айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау	2	24.12.21 28.12.21
30-31	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	«Ү» дыбысы мен әрпі	Ү дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ү дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Тілдік моторикасын дамыту.	2	18.01.22 21.01.22
32		«У» дыбысы мен әрпі	Айтылу ерекшеліктеріне байланысты [у] дыбысының дауысты дыбыс екенін өздеріне анықтату, У әрпімен таныстыру. Ауада, дәптерге дұрыс жаза білуге тәрбиелеу. Әріптерден құралған буындарды жатқа білуге білімдерін кеңейту	1	25.01.22
33-34		«Т» дыбысы мен әрпі	[т] дыбысымен және әрпімен таныстыру. Т дыбысының неге ұқсайтынын сұрау. Буындарды бөлуге білімдерін кеңейту. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру.	2	28.01.22 01.02.22
35-36		«Ш» дыбысы мен әрпі	Ш әрпімен таныстыру. Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру.	2	04.02.22 15.02.22
37-38		«Д» дыбысы мен	[д] дыбысымен және әрпімен таныстыру	2	18.02.22

		әрпі	Д дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.		22.02.22
39-40	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	«І» дыбысы мен әрпі	І дыбысы мен әрпімен таныстыру.І дыбысының дауысты дыбыс екенін түсіндіру.І дыбысынан келетін сөздер айтқызу.Дәптер бойынша тапсырмаларды дұрыс орындай білуге білімдерін кеңейту. Әріпті дұрыс жаза білуге тәрбиелеу.	2	25.02.22 01.03.22
41-42		«Ұ» дыбысы мен әрпі	Ұ әрпімен таныстыру, ұ дыбысының жуан айтылатын дауысты дыбыс екенін анықтау.Ұ дыбысынан келетін сөздер айтқызу.	2	04.03.22
43-44		«К» дыбысы мен әрпі	К әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру.Әріптерді дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыту.	2	11.03.22
45-16		«Г» дыбысы мен әрпі	Г дыбысымен және әрпімен таныстыру.Г дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.		15.03.22
47-48	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	«И» дыбысы мен әрпі	И дыбысымен және әрпімен таныстыру.О дыбысы дауысты дыбыс екенін түсіндіру.Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыту.Дыбыстық талдау жасай білуге тәрбиелеу.	2	18.03.22
49-50		«Й» дыбысы мен әрпі	[й] дыбысымен және әрпімен таныстыру Й дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	2	01.04.22 05.04.22
51-52		«З» дыбысы мен әрпі	[з] дыбысымен және әрпімен таныстыру.З дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру.Дыбысты дұрыс айтуға тілдік моторикасын дамыту.Дыбыстық талдау жасай білуге тәрбиелеу.	2	08.04.22 12.04.22
53-54		«Ж» дыбысы мен әрпі	Ж әрпімен таныстыру, Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру.	2	15.04.22 19.04.22
55-56	«Денсаулықты қалай күту керек?»	«П» дыбысы мен әрпі	П дыбысымен және әрпімен таныстыру.П дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	2	22.04.22 26.04.22
57		«Х» дыбысы мен әрпі	Х әрпімен таныстыру, Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру.	1	29.04.22
58		«Һ» дыбысы мен әрпі	[һ] дыбысымен және әрпімен таныстыру.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	1	03.05.22
59		«В» дыбысы мен әрпі	В дыбысымен және әрпімен таныстыру.В дыбысынан басталатын сөздерді ойлатқызу.Дыбыстық талдау жасай білуге дағдыландыру.Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	1	06.05.22

60		«Ф» дыбысы мен әрпі	Ф әрпімен таныстыру. Дыбыстық талдауды дұрыс талдай білуге тәрбиелеу. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру.	1	13.05.22
61		«Ю-» дыбысы мен әрпі	Айтылу ерекшеліктеріне байланысты У әрпімен таныстыру. Ауада, дәптерге дұрыс жаза білуге тәрбиелеу. Сөздерді буындап оқи білуге тәрбиелеу.	1	17.05.22
62		«Я» дыбысы мен әрпі		1	20.05.22
63-64		«Ъ-ь» дыбысы мен әрпі	«Ъ-ь» дыбысы мен әрпімен таныстыру. Дәптермен жұмысты ұқыптылықпен орындай білуге қалыптастыру	2	24.05.22

Сөйлеуді дамыту Түсінік хат

Жаңа буынның «Сөйлеуді дамыту» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) дейінгі жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Бірінші бөлімде баланың эмоциялық көңіл күйін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер қарастырылған.

Екінші бөлім негізгі бөлім ретінде оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған әдістер, тәсілдер мен құралдар буынын қамтиды.

Үшінші бөлім рефлексия түрінде қорытынды шығаруға бағытталған.

Жоспардың «Ресурстар» атты айрықша тармағында дидактикалық, әдістемелік, электрондық сипаттағы әртүрлі ақпарат көздері берілген (кейбірінің электрондық мекенжайы бар). Қысқа мерзімді жоспарда әліппе-дәптердің барлық тапсырмалары ескерілген.

Егер әліппе-дәптерде бір сабақта 4–6 тапсырма орындау ұсынылса, әдістемелік

нұсқауда әдістемелік тапсырмалар көлемін 15–20-ға дейін кеңейтеді. Әдістемелік нұсқаудағы тапсырмалар осы әдіс-тәсілдер есебінен барынша қызықты, мазмұнды, ойын түрінде тартымды болады. Онда әдеби сөз де, сурет салу да, сахналық рөл сомдау, ойын, драмалау, ойнау, фольклор, сергіту сәті, практикалық тапсырмалар, шағын зерттеулер және т.б. бар.

«Сөйлеуді дамыту» сабағының **мақсаты**: нақты, мәнерлі тілдік дағдылары мен біліктерін, тілдік бірліктерді еркін және орынды қолдануды қалыптастыру болыптабылады.

Міндеттері:

- балалар іс-әрекетінің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеу тілі компоненттерін дамыту;
- тілді естуді дамыту, сөздік қорды байыту;
- тілдесу дағдыларын (диалогтік және монологтік) қалыптастыру;
- сөйлесу әдебінің нормаларына баулу;
- тілге, оның байлығы мен көркемдігіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Қатынас» Сөйлеуді дамыту
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат**

Р/с	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	« Мен кіммін және қандаймын ?»	Балабақшадағы алғашқы күн.	Б/б жайлы мәлімет беру. Топ бөлмесі жайлы түсіндіру. Баланың тілдік қорын молайту. Әңгімелеу, жаттықтыру.	1	06.09.21
2		Менің досым.	Достық туралы ұғымды түсіндіру.Досы туралы әңгімелеп бере білуге дағдыландыру.Достық сезімдерін ояту.Бір-бірімен бірлесе ойнай,достаса білуге тәрбиелеу.	1	13.09.21
3		Менің сүйікті ойыншығым	Балаларға ойыншықтардың қалай жасалтыны туралы түсінік беру.Өз ойыншықтары туралы әңгіме айта білуге сөздік қорларын молайту.Ойыншықтарды ұқыптылықпен ұстай білуге тәрбиелеу.	1	20.09.21
4		Күз бояуы.	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру.Күз мезгілінде барлық жер сары түске боялатыны туралы ұғындыру.Мезгілдерді ретімен дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Дәптермен жұмыс жасай білуге қызығушылығын арттыру.	1	27.09.21
5	«Мектепке не үшін барамыз?»	Менің атам	Жаңа сөздерді сөздік қорына қосу. Отбасы мүшелерін сыйлауға, тыңдауға үйрету. Әже, аталарға, қарт адамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларды сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	1	4.10.21
6		Қорыққанға қос көрінеді.	Ертегіні оқып беру.Ертегі кейіпкерлері туралы түсінік беру.Ертегіні өз ойларымен құрастыра білуге білімдерін кеңейту.Жануарларға қамқорлықпен қарай бәлуге тәрбиелеу.	1	11.10.21
7		Отбасының күзгі еңбегі	Күз мезгіліне мәлімет беру. Күз айларын жаттау. Табиғат байлығы, күз туралы түсініктерін кеңейту. Әсемділікті, табиғатты сүйе білуге бағыттау.Үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	18.10.21
8		Күзгі жапырақтар	Күз мезгіліндегі жапырақтардың сарғайуы туралы түсінік беру.Ағаштарға көрік беретін жапырақтар екені туралы білімдерін кеңейту.Әр ағаштың жапырақтарын ажырата білуге білімдерін қалыптастыру.Қамқорлық пен қарауға тәрбиелеу.	1	25.10.21
9	«Менің айналамда кімдер	Шаштараз	Шаштараз мамандығы туралы түсінік беру.Әр мамандықтың қажет екені туралы білімдерін кеңейту.Өлеңді жатқа айта білуге дағдыландыру. Ұқыптылық,тазалық туралы түсінік беру.Дені саудың тәні сау	1	08.11.21

	бар?»		мағынасын түсіндеру.Тазалық ережелерін ұқыптылықпен орындай білуге тәрбиелеу.		
10		Ең тәтті дүние?	Ертегі туралы түсінік беру.Тағамдардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту.Ертегіні өз ойларымен құрастыра алуға сөздік қорларын молайту.Жан-жануарларға қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.	1	15.11.21
11		Әжесін қайсысы жақсы көреді?	Әңгімені оқып беру.Мамандықтар туралы түсінік айту.Үлкендерді құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	22.11.21
12		Қысқа дайындық	Ертегі желісімен таныстыру.Балаларға түсінгендері туралы сұрау.Қыс мезгіліндегі жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.Әр мезгілді сипаттай білуге тәрбиелеу.	1	29.11.21
13	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Алғашқы қар	Қыс мезгілінің құбылыстары жайлы мәлімет беру. Қысқы дала (мұз, сүңкірлер,боран, аяз)	1	06.12.21
14		Менің Отаным (өлең)	Отанға сүйіспеншілік, патриоттық сезім тәрбиелеу. Сөздік қорларын дамыту және жаңа сөздерді меңгерту.	1	13.12.21
15		Қыс	Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Жаттауды дұрыс жаттай білуге сөздік қорларын қалыптастыру.Қыс мезгілін сипаттай білуге тәрбиелеу.	1	20.12.21
16		Ажарлы қыс	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту.Өлеңді жаттау.Дәптермен жұмысты қызығушылықпен орындай білуге тәрбиелеу.Сөздік қорларын молайту.	1	27.12.21
17	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Біз де ойнаймыз?	Ертегіні оқып беру.Ойын туралы білімдерін кеңейту.Мезгілдерді ретімен айта білуге тәрбиелеу.Ертегіні құрастырып,айта білуге сөздік қорларын молайту.	1	17.01.22
18		Ақсақ құлан (Аңыз)	Аңыз туралы түсінік беру.Қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы түсінік беру.Аңыз бойынша түсінік сұрау.Жануарлардың төлдерін ажырата білуге тәрбиелеу.	1	24.01.22
19		Су торғайы	Әңгіме мазмұнын түсіндіру.Жақсы жаман әдеттерді ажырата білуге білімдерін кеңейту.Құстарға қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.Жақсы әдеттерді жиі қолдану керек туралы түсінік қалыптастыру.	1	31.01.22
20	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Қыс қызықтары	Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Жаттауды дұрыс жаттай білуге сөздік қорларын қалыптастыру.Қыс мезгілін сипаттай білуге тәрбиелеу.	1	31.01.22
21		Қаңтар	Өлеңді оқып беру.Қыс айларын жатқа білуге білімдерін кеңейту.Әр мезгілдің ерекшеліктері туралы әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту.Жылы киіну туралы түсінік қалыптастыру.	1	14.02.22
22		Кеме	Өлеңді оқып,түсінік беру.Су көліктері туралы білімдерін кеңейту.Өлеңді жатқа айта білуге тәрбиелеу.	1	21.02.22

23		Кім ақылды?	Әңгімені оқып беру. Достық туралы білімдерін кеңейту. Дос сөзінің мағынасын түсіндіру. Досқа қамқорлық, адал болу керек туралы түсінік қалыптастыру. Жақсы қасиеттерін дамыта білуге тәрбиелеу.	1	28.02.22
24	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандықтар туралы түсінік беру. Болашақта қандай мамандық иесі болатыны туралы әңгімелесу. Әр мамандықты құрметтей білуге тәрбиелеу. Отбасы мүшелерінің қандай мамандық иесі екені туралы әңгімелеп беру.	1	05.03.22
25		Менің анам	Наурыз айының үлкен мерекесі жайлы мәлімет. Аналарды сүйуге тәрбиелеу. Тілдерін дамыту, ой -өрісін байыту.	1	14.03.22
26		Күшік пен мысық	Ертегіні оқып түсінік беру. Сөздік қорларын дамыту, ойларын есте сақтау қабілеттерін жетілдіру,	1	04.04.22
27		Наурыз көктем мерекесі	Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, білімдерін арттыру. Көзқарастарын қалыптастыру. Сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздер меңгерту.	1	11.04.22
28	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Қасқыр мен түлкі	Аңдар жайлы мәлімет беру. Олардың қысқы өмірі жайлы әңгімелесу. Пайдасы, зияны жайлы әңгімелесу арқылы сөздік қорларын дамыту.	1	18.04.22
29		Жайлауда	Жайлау және оның орналасқан жері, ерекшелігі туралы түсінік беру. Жануарлардың белгілерін анықтауға дағдыландыру. Жануарларға қамқорлық қарым - қатынастарын тәрбиелеу.	1	18.04.22
30		Мен ғарышкер боламын	Ғарышкерлер туралы мәлімет беру. Есте сақтауларын дамыту. Елін, жерін сүйуге баулу.	1	25.04.22
31		Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш	Мысалдың мазмұнын түсініп, қайта айта білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеуін дамыту. Дұрыс сөйлеуге дағдарын қалыптастыру. Еңбекқор болуға тәрбиелеу.	1	16.05.22
32		Жаздың кезі көңілді	Әңгіменің мазмұнын түсіндіру. Жаңа сөздерді сөздік қорына қосу. Еңбекке сүйіспеншілік тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту.	1	23.05.22
		Барлығы		32 ағат	

Көркем әдебиет Түсінік хат

Жаңа буын «Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр. ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені «Коммуникация» білім беру саласының «Көркем әдебиет» сабағына негізделіп жазылған.

Бағдарламада «Көркем әдебиет» сабағының **мақсаты**: тілге, көркем сөзге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- көркем әдебиеттің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру;
- түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды тыңдай білу қабілетін дамыту;
- әдеби шығармаға эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру;
- әдептілік біліктері және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Қатынас» Көркем әдебиет
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат**

№	Ауыспалы тақырыптар	Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі
1	Мен кімін және қандаймын?	Күз жомарт	0.1.1.2 Өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізу	1	08.09.21
2		Кішкентай бағбан	0.1.1.1.Шағын мәтінде ертегілер ,әңгімелербалалар тақпақтары және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	1	15.09.21
3	Мектепке не үшін барамыз?	Жемістер жыры	0.1.5.1. Әңгіменің мазмұнын иллюстарция/ әңгіменің кіріспесі бопында болжау	1	22.09.21
4		Шаруа мен аю	0.1.2.1 Шағын өлеңдерді , шағын фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту	1	29.09.21
5	Менің айналамда кімдер бар?	Менің ойыншықтарым	0.1.4.1. Иллюстрациялар бойынша сұрақ құрастыру және оларға жауап беру.	1	06.10.21
6		Арыстан мен тышқан	0.1.2.1 Шағын өлеңдерді , шағын фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту	1	13.10.21
7	Менің айналамды не қоршап тұр?	Мақтақыз бен мысық	0.1.1.1.Шағын мәтінде ертегілер ,әңгімелербалалар тақпақтары және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	1	20.10.21
8		Әдептілік әлемі	0.1.2.1 Шағын өлеңдерді , шағын фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту	1	27.10.21
9	Жолдар бзді қайда бастайды?	Жолдар бізді қайда апарады!	0.2.1.1. Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ ,ертегі,тақпақ.) т.б		10.11.21
10		Автобуста	0.2.2.1. Кейіпкерлердің қылықтары туралы пікірін айту (ұнайды/ неліктен ұнамайды)	1	17.11.21
11	Салт-дәстүрді не үшін керек?	Төлдер айтысы	0.2.2.1. Кейіпкерлердің қылықтары туралы пікірін айту (ұнайды/ неліктен ұнамайды)	1	24.11.21
12		Тұсау кесу	0.1.2.1 Шағын өлеңдерді , шағын фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа айту	1	01.12.21
13	Мен үшін не дәмді және пайдалы?	Тиімді тамақтану	0.1.1.2 Өзінің эмоционалдық жағдайын сөзбен жеткізу	1	08.12.21
14		Қайырымды қоян	0.2.1.1. Жанрларды ерекшеліктері бойынша тану (жұмбақ ,ертегі,тақпақ.) т.б	1	15.12.21
15	Денсаулықты қалай күту керек?	Тазалық пен ұқыптылық	0.2.3.1.1. Өзінің ұсынымдарын сурет ,сызба түрінде безендіру	1	22.12.21
16		Өс, ұлан!	0.1.2.1 Шағын өлеңдерді , шағын фольклор жанрларын мәнерлеп жатқа	1	29.12.21

			айту		
17	Артикуляци ялық дағдылар	Театрға саяхат	1.1 Ілікпе сөз бен фразаларды айтуда тыныс алуды реттеу	1	19.01.222
18		Дұрыс сөйлеу мәнері	1.2 Дыбыстарды түрлі екпінде анық және дұрыс айту, сыбырлап және қатты айту	1	26.02.22
19		Мектепте не үйренемін?	1.3 Интонацияларды ажырата алу және оларды айту	1	02.02.22
20		Бәрін білгім келеді	1.4 Түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшінің түрлі дәрежесін қолдану	1	02.02.22
21		Айсұлудың туған күні	1.2 Эмоциялық күйді анықтау және беру	1	16.02.22
22	Қимыл үйлесімділігінің дағдылары	Дос болайық бәріміз	1.1 Команда ға немесе музыкалық белгіге сәйкес әрекет ету	1	23.02.22
23		Кішкентай маса	1. 2 Кеңістікте бағдарлану (сахнада, ойластырылып құрылған сахна алаңында), түрлі қарқында қозғалу	1	02.03.22
24		Ақ бидай	1.3 Өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу	1	09.03.22
25		Гастрольдік сапарға шығу	1. 4 Тірі ағза мен заттардың бейнелерін мимика, ым-ишара және дененің ырғақты қимылы арқылы жасау	1	16.03.22
26	Коммуникативті к-тілдік және ойын дағдылары	Мақтақыз бен мысық	1.1 Сюжеттік-рөлдік ойындарға қатысу	1	06.04.22
27		Үлкенге құрмет, кішіге ізет	1.2 Өз ойын құрдастарының ортасында білдіру, басқалардың пікірін тыңдай білу	1	13.04.22
28		Алтын сақа	1.3 Заттармен/ойыншықтармен таныс іс-әрекетті жаңа ойын жағдаятына көшіру	1	20.04.22
29		Көкөністер мен жемістер туралы ертегі	1.4 Басқа кейіпкерлермен рөлдік қарым-қатынасқа түсу	1	27.04.22
30		Ең керемет дәм	1.5 Түрлі қуыршақтарды (киімелі, сылдырмақты) пайдаланып, қуыршақ басқарудың кейбір әдістерін білу	1	04.05.22
31		Тату доспыз бәріміз	1.6 Мимика, ым-ишара, дауыс ырғағы, ойын атрибуттарын қолданып,	1	11.05.22
32		Ертегілер еліне саяхат	1.7таныс әдеби шығармалар негізінде кейіпкерлердің бейнелерін жасау	1	18.05.22 25.05.22

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Түсінік хат

«Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» оқу-әдістемеліккешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Бағдарламада қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) мақсаттары мен міндеттері толық айқындалған.

Мақсаты:

-қарапайым логикалық-математикалық ұғымдарды қалыптастыру және зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

-ақиқатты танудың математикалық тәсілдерін таныстыру: санау, өлшеу, қарапайым есептеу;

-тапсырманы стандартты емес жолмен шешуге деген тапқырлығын, зеректігін, ұғымталдығын, ұмтылысын дамыту;

-ойлау әрекетінің тәсілдерімен таныстыру.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Таным» Математика негіздері
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат**

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	« Мен кімін және қандаймын?»	Біреу - көп	Мақсаты: балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету	1	02.09.21
2		Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру	Мақсаты:балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету.	1	09.09.21
3		1 саны және цифры. 2 саны және цифры	Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыру.	1	16.09.21
4		3 саны және цифры. 4 саны және цифры	Мақсаты:3 және 4 сандарымен, 3 және 4 цифрларымен таныстыру.	1	23.09.21
5	«Мектепке не үшін барамыз?»	5,6 сандары және цифрлары	Мақсаты: 5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру.	1	30.09.21
6		7,8, 9 сандары және цифрлары	Мақсаты: 7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен таныстыру.	1	07.10.21
7		10 саны	Мақсаты: 0 және 10 санымен және олардың жазылуымен таныстыру.	1	14.10.21
8		Заттардың өлшемі бойынша салыстыру	Мақсаты: балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, төмен) үйрету.	1	21.10.21
9	«Менің айналамда кімдер бар?»	Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру	Мақсаты: ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру.	1	28.10.21
10		Дөңгелек,	Мақсаты: балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы,	1	11.11.21

		шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш	тіктөртбұрыш, үшбұрыш.		
11		Дөңгелек және сопақша	Мақсаты: дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру.	1	18.11.21
12		Шар. Текше. Цилиндр	Мақсаты: көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру: текше, шар, цилиндр.	1	25.11.21
13	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Үстінде-астында. Ішінде-сыртында. Алдында-артында. Оң жақта-сол жақта	Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында.	1	02.12.21
14		Қағаз бетінде бағдарлау	Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.	1	9.12.21
15		Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Танертең, күндіз, түн	Мақсаты: балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру.	1	16.12.21
16		Апта күндері	Мақсаты: апта күндерінің атауларын бекіту.	1	23.12.21
17	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Ауыр. Жеңіл	Мақсаты: заттардың салмағы мен өлшеуі туралы ұғым қалыптастыру.	1	20.01.22
18		Заттарды салмағы бойынша салыстыру	Мақсаты: заттардың салмағы және оларды өлшеу туралы ұғымдарды бекіту.	1	27.01.22
19		Бүтін және бөлік	Мақсаты: «бүтін және бөлік» терминдерін енгізу; бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.	1	03.02.22
20	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Артық, кем, тең	Мақсаты: «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.	1	03.02.22
21		10 көлемінде тура және кері санау	Мақсаты: 1 – 10 сандарының ретімен, тура және кері санаумен таныстыру.	1	17.02.22
22		Заттар тобын салыстыру және санау	Мақсаты: теңдік туралы ұғым қалыптастыру.	1	24.02.22
23		Заттың бірнеше тең бөліктері	Мақсаты: заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.	1	03.03.22
24	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару	Мақсаты: есептер мен мысалдар шығару ұғымын қалыптастыру және оларды цифрмен және таңбалармен белгілеуді үйрету.	1	10.03.22
25		Шартты өлшем	Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту.	1	17.03.22
26		Ұзын-қысқа, биік-аласа, кең-тар, қалың-жұқа. Тең заттар	Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту.	1	31.03.22
27		Геометриялық пішіндер	Мақсаты: геометриялық пішіндердің атауларымен: дөңгелек,	1	07.04.22

		және денелер	сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш; денелердің атауларымен: текше, шар, цилиндр таныстыру.		
28	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Пішіндер неге ұқсайды?	Мақсаты: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын:	1	14.04.22
29		Кім қайда тұрады?	Мақсаты: геометриялық денелердің атауларымен таныстыру, заттардың белгілері.	1	21.-4.22
30		Қағаз бетіне бағдарлау	Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуы ұғымдарымен таныстыру.	1	28.04.22
31		Жыл мезгілдері	Мақсаты: кеңістікте орналасу ұғымдарын, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада түсініктерін бекіту.	1	05.05.22
32		Таразы.Өлшеу	Мақсаты: жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру.	1	12.05.22 19.05.22
		Барлығы		32 сағат	

Жаратылыстану Түсінік хат

Мектепалды даярлықтың типтік оқу бағдарламасы, «Таным» білім беру саласындағы «Жаратылыстану» сабағы бойынша дайындалған.

Қазіргі мектепке дейінгі сатыда жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу үшін жоғары білімдік нәтижелерге қол жеткізетін оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін белсенді оқыту мен оқудың педагогикалық тәжірибедегі заманауи стратегиялар мен техникаларды пайдалану міндеттеледі.

Әдістемелік нұсқауда «Жаратылыстану» бойынша балалардың алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, балабақшада, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін бақылау, түсіндіру, сипаттау, болжау біліктілігін дамытуға бағыттталып, педагогтің жаңа білімді балаға қандай әдіс-тәсілдермен түсіндіруге болатындығы жан-жақты талданып, берілген.

Осы берілген бағдарлама бөлімінде 6-7 жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытудың төмендегідей мақсаты мен міндеттері анықталған.

Мақсаты: табиғаттың заттары мен құбылыстары туралы бастапқы түсініктерін, физикалық құбылыстар туралы қарапайым ұғымдарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- табиғат нысандарын бақылау және қарапайым қорытынды шығарудағыларын дамыту, олардың кейбір ерекшеліктерін көру және ажырату: сыртқы кейпі, мінез-құлық әрекеті (жануарлар), өсіп-өну жағдайлары (өсімдіктер), – табиғаттағы жеке өзара байланысты көру;
- тұрмыстағы, табиғаттағы экологиялық салауатты мінез-құлықты және жағымсыз қылықтардың неге әкелетінін алдын ала білуді;
- балалардың сөйлеу тілін, зейінін, ойлауы мен бақылау жүргізіп, қарапайым қорытынды шығару білігін қалыптастыру.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жосп
Білім саласы: «Таным» Жаратылыстану
Аптасына: 1 сағат, барлығы 32 сағат**

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Мен кімін және қандаймын?	Бізді не қоршап тұр?	Табиғат және адам жасаған нысандарды ажырата білуге үйрету. Өлі және тірі табиғат туралы, экологияның тірі организмдер үшін маңызы туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	03.09.21
2		Табиғатта қандай өзгерістер болады?	Табиғаттың әсемдігіне назар аударуға үйрету. Әр мезгілдің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Мезгіл өзгерістеріндегі ауыл шаруашылығындағы еңбектің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін және құбылысына қызығушылықты тәрбиелеу.	1	06.09.21
3		Нан қайдан келеді?	Нан-бұл адам өміріндегі ең басты тағамның бірі екендігі және оны өсірудің өте қиын екендігі жайлы түсіндіру. Дихандардың еңбегі туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және нанға деген құрмет тәрбиелеу.	1	10.09.21
4		Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?	Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру Саңырауқұлақтардың өсуіне қажетті жағдайларды түсіндіру. Балалардың сөздік қорын байыту	1	13.09.21
5	«Мектепке не үшін барамыз?»	Ағаш және бұта	Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.	1	17.09.21
6		Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?	Қазақстанның (құлақты кірпі, сары күзен, қарсақ, дала таспақасы, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту.	1	20.09.21
7		Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?	Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайыңға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге үйретуді дамыту. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	24.09.21
8		Жыл құстары	Қыстайтын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды елеулі белгілері бойынша ажыратуға үйрету. Құстарға сүйіспеншілікті тәрбиелеу, оларға қыс мезгілінде қамқорлық жасауға баулу.	1	27.09.21
9	«Менің айналымда кімдер бар?»	Аңдар қысқа қалай дайындалады?	Аңдардың қысқы мекені. Жануарлардың қысқы өмірлерімен таныстыру және түсініктерін қалыптастыру. Олардың өміріндегі өзгерістерді және тіршіліктері туралы ой-қабілеттерін дамыту. Жануарларға деген	1	08.11.21

			сүйіспеншіліктерін ояту, оларға көмек беруге тәрбиелеу.		
10		Терезе алдында не өсіп тұр?	Балаларда бөлме өсімдіктерінің ызғалды қажет етуі туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің бейімделу қасиеттеріне көңілдерін аудару. Бақылағыштық қабілеттерін дамыту, оларды күтіп бағуға тәрбиелеу.	1	15.11.21
11		Тұқымнан не өсіп шығады?	Тұқымдардан жеміс,көкөніс,ағаш,гүлдер өсетіні туралы түсініктерін нақтылау. Әр өсімдіктердің тұқымын тануға, ажыратуға үйрету. Көкөністерді өсіруге қызығушылығын ояту.	1	22.11.21
12		Өсімдіктерге өсу үшін не қажет?	Балаларға өсімдіктердің өсуі үшін судың қажеттілігі туралы таныстыру. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларды «ауа» түсінігімен, оның қасиеттерімен, адам,өсімдіктер өміріндегі рөлімен таныстыру.	1	29.11.21
13	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесіңбе?	Балаларға табиғат бұрышын мекендеушілерді таныстыру.Оларға күтіммен қарау керек екенін түсіндіру.Мекендеушілер туралы алған түсініктерін нақтылау, сыртқы кейпін (түсі, дене құрылысы, тұмсығы), қоректенуін, қимыл-қозғалысы мен тіршілік әрекетін білу.	1	06.12.21
14		Аквариумда не тіршілік етеді?	Аквариумда тіршілік ететін жәндіктер туралы түсінік беру.Оларға күтіммен қарауға тәрбиелеу.	1	13.12.21
15		Жануарлардың тіршілігі не үшін қажет?	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасын тигізеді, адам оларға қамқорлық жасайды.	1	20.12.21
16		Боран қай кезде болады?	Қыс туралы түсініктерін нақтылау және тереңдету: ауа райы жағдайы,табиғат құбылыстары, туралы білімдерін кеңейту.	1	27.10.21
17	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?	Балаларды мейірімділікке үйрету. Оларды құстарға қамқорлық жасауға баулу, қыста құстарды немен қоректендіретіні туралы қарапайым білім беру.	1	18..01.22
18		Қар тоқтату жұмысы	Қар қай мезгілде жауатыны туралы түсінік беру.Қардың қалай пайда болатыны туралы білімдерін кеңейту.Әр құбылыстың өзіне тән қасиеті болатыны туралы түсіндіру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту.	1	25.01.22
19		Үй жануарлардың қандай пайдасы бар?	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету: адамның қолына үйретілген, пайдасы көптеген туралы білімдерін кеңейту.	1	01.02.22
20	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Әтеш қай кезде шақырады?	Үй құстары туралы білімдерін кеңейту.Мезгіл туралы түсінік беру.Қай мезгіл екенін ажырата білуге тәрбиелеу.Сөздік қорларын молайту.	1	15.02.22
21		Асыранды үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз?	Жәндіктермен таныстыруды жалғастыру. Олардың сыртқы құрылысы ерекшеліктері, қозғалу әдістері, мекендейтін орны бейімделуі туралы балалардың білімдерін жүйелеу. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.	1	15.02.22
22		Ауа не үшін қажет?	Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту.Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру.	1	22.02.22
23		Алақай,көктем келді!	Балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және жарықтың тигізетін	1	01.03.22

			маңызын айтып түсіндіру. Таза су-бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы екенін және өсімдіктердің өсуі үшін жарықтың маңызы зор екенін түсіндіру. Таза ауаны, суды қорғауға тәрбиелеу.		
24	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Пайдалы қазбалар дегеніміз не?	Балаларға пайдалы қазбалар туралы оның табиғаттың құрамдас бөлігі екендігі туралы түсінік беру. Туған жерді қастерлеуге және қамқор болуға тәрбиелеу.	1	15.03.22
25		Өсімдіктерді қалай күту қажет?	Орман туралы түсінік беру.Орманның табиғатта ерекше орын алатыны туралы түсіндіру.Орманда мекендейтін,өсетін өсімдіктерге қарморлықпен қарай білуге тәрбиелеу.	1	05.04.22
26		Суда тіршілік ететін жануарлар	Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы түсініктерін жалпылау. Бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1	12.04.22
27		Жаңғақ қайда өседі?	Суда тіршілік ететін жануарлармен таныстыру.Олардың пайдасы туралы түсінік беру.Суда мекендейтіндерді ажырата алуға білімдерін кеңейту. Бұл зиянсыз тіршілік иесінің қаншалықты пайдалы және табиғатқа қажет екенін түсіндіру.	1	19.04.22
28	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?	Балаларды көктемнің әртүрімен таныстыру (дала, өзен, орман), көктемнің әсемдігін көрсету. Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу. Өсімдіктердің тіршілігіне қызығушылықты ояту.	1	21.04.22
29		Жануарлар жауыннан қалай қорғанады?	Жаңғақ туралы түсінік беру.Олардың қайда ксетіні турал мағлұмат беру.Денсаулыққа пайдалы екенін ұғындыру.Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	26.04.22
30		Көктемгі табиғаттың өзгеруі	Өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы түсінік беру.Олардың емдік қасиеттері туралы білімдерін кеңейту.Өсімдіктерге деген қызығушылық сезімдерін ояту.	1	03.05.22
31		Қызыл кітапқа қандай жануарлар енген	Жабайы жануардардың жауыннан қалай қорғанатыны туралы мағлұмат беру.Оларға қамқор жасай білуге тәриелеу.	1	17.05.22
32		Табиғатқа қамқор бол!	Көктемнің өзіне тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу Табиғаттың көктемгі әсемдігін байқай білуді, эстетикалық талғамды қалыптастыру	1	24.05.22
		Барлығы		32 сағат	

Музыка Түсінік хат

«Музыка» оқу-әдістемелік кешені Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Шығармашылық» білім беру саласында «Музыка» бойынша дайындалған.

Жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған «Музыка» оқу-әдістемелік кешені:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепке білім алу даярлығын (элеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және элеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Мақсаты: алуан түрлі музыкалық іс-әрекет арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, эмоциялық-сезімдік саланы, адамгершілік-эстетикалық сапаны дамыту, ұлттық музыкаға және өзге де елдердің музыкасына тұрақты қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Міндеттер: музыкалық мәнерлілік құралдары, негізгі музыка формалары мен жанрлары туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; дыбыс жоғарылығын есту және ырғақтық бейнесін түсіну дағдыларын қалыптастыру

музыка туралы өз пікірін білдіру дағдыларын қалыптастыру;

ән айтудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

ұрмалы-шулы аспаптарда ойнау арқылы суырыпсалмалық қарапайым дағдыларын, ырғақты қозғалыстарын қалыптастыру;

аспаптық музыкаға қызығушылық пен ұрмалы- шулы аспаптарда музыка ойнау дағдыларын дамыту;

балаларға арналған музыка аспаптарында ойнау арқылы сенсорлық қабылдауын және қол моторикасын дамыту;

дыбысталу тембрі бойынша кейбір музыка аспаптарын анықтау;

музыканы тандау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау арқылы тілдік дағдыларын дамыту; өнер ретінде музыкаға деген

сүйіспеншілікті тәрбиелеу; балаларға арналған қазақ халық әндерін орындау, халық музыкасы мен Қазақстан композиторларының музыкасын тындау арқылы патриотизмге тәрбиелеу

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар**
Білім саласы: «Шығармашылық» Музыка
Аптасына: 2 сағат, барлығы: 64 сағат

№	Ауыспалы тақырыптар	Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі
I тоқсан					
1	«Мен кімін және қандаймын?»	Білімнің бұлағың	0.1.1.2 Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). 0.2.1.1. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу.	1	02.09.21
2		Білімнің бұлағың	0.1.1.2 Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық-жарқын, көңілсіз, мұнды, қайлығы). 0.2.1.1. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен және есту қабілетіне сүйеніп ән салу.	1	07.09.21
2. типовой учебный план дошкольного воспитания и обучения детей от 1 до 7 лет (утвержден приказом МОН РК от 22.06.2016 г. № 391);
3. типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (утверждена приказом МОН РК от 12.08.2016 г. № 499). обновленная программа представляет новое содержание дошкольного образования в контексте 5-ти образовательных областей. в рамках обновления содержания дошкольного воспитания и обучения на современном этапе программа включает в себя социально-психологическую, личностную, волевою, физическую и интеллектуальную подготовку детей к школе, а также способствует формированию коммуникативных навыков, проявлению познавательных и социальных мотивов детей, развитию увлеченности и интереса к получению знаний. Программой определены следующие цели и задачи обучения и воспитания на занятии «русский язык».

Цель: формирование навыков речевой деятельности, освоение лексики, обеспечение общения в рамках тем бытового характера.

задачи:

- развивать у детей устойчивый интерес к изучению русского языка как средства общения и обмена информацией;
 - формировать и развивать словарный запас воспитанников по лексическим темам;
 - формировать умение использования правильных грамматических структур и форм устной речи;
 - развивать навыки слушания, говорения, чтения и письма;
 - создавать условия, побуждающие ребенка самостоятельно решать коммуникативных задач на русском языке.
- содержание занятия «русский язык (как второй язык)» организовано по разделам обучения. разделы далее разделены на подтемы, которые содержат цели обучения в виде ожидаемых результатов: навыки и умения, знания или понимания. Цели обучения организованы последовательно внутри каждого подраздела, что позволяет педагогам планировать свою работу и оценивать достижения детей, а также информировать их о следующих этапах обучения.

№	Раздел	Подраздел
1	слушание	1.1 Формирование звукопроизношения
		1.2 использование приемов слушания
		1.3 Понимание значений лексических единиц
		1.4 Понимание содержания сообщения
		1.5 Понимание аудиовизуального материала
2	Говорение	2.1 овладение лексическим запасом
		2.2 Построение высказывания на заданную тему
		2.3 участие в различных ситуациях общения и соблюдение
3	Чтение	3.1 извлечение информации из различных источников
4	Письмо	4.1 использование различных форм представления
		4.2 соблюдение графических и каллиграфических норм

содержание данных разделов реализуется через восемь «сквозных» тем: 1. «кто я? какой я?»

2. «для чего нужна школа?» 3. «кто рядом со мной?»

4. «какие чудеса вокруг нас?» 5. «кудаведут дороги?»

6. «что дарит золотая колыбель?»

7. «что для меня вкусно и полезно?» 8. «как быть здоровым?»

в методическом пособии представлено:

– долгосрочное планирование (календарно-тематическое планирование); – краткосрочное планирование.

краткосрочное планирование разработано согласно долгосрочному (календарно-тематическому планированию).

Занятия выстроены в соответствии с дидактическими и общепедагогическими принципами:

– принцип непрерывности (занятие было построено на основе предыдущих совместных действий педагога и детей),

– принцип активности (поддерживается мотивация и интерес) *Суважение минадеждойна сотрудничество, авторы*

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Қатынас» Русский язык
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат**

№	Общая тема	Тема урока	Цель урока	Кол-во часов	Дата про-ия
1	Кто я, Какой я	Я-это кто.	0.1.1.1 Формирование звукопроизношение, произносить и различать звуки в словах и фразах	1	08.09.21
2		Мой автопортрет	0.2.1.1. Овладение лексическим запасом ,использовать в речи новые слова по лексическим темам	1	15.09.21
3		Я расту		1	22.09.21
4		Учимся приветствовать	0.2.3.1.Участие в различных ситуациях общения и соблюдение речевых норм, внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику, жесты	1	29.09.21
5		Мои любимые игрушки	0.2.2.1 Построение высказывания не менее 2-3 простых предложений	1	06.10.21
6		Моё любимое занятие	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	13.10.21
7		Что я узнал?	0.2.3.1.Участие в различных ситуациях общения и соблюдение речевых норм, внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику, жесты	1	20.10.21
8	Для чего нужна школа	Что такое школа?	0.2.2.1 Построение высказывания не менее 2-3 простых предложений	1	27.10.21
9		Моя семья	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	09.11.21
10		Какие предметы есть в классе?	0.5.1.1. соблюдение грамматических норм . Использовать в речи слова, обозначающие предметы	1	16.11.21
11		Что делают дети на занятиях?	0.2.3.1. Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику и жест	1	23.11.21
12		Школьный рюкзачок	0.2.2.1. Создать высказывание не менее 2-3 простых предложений	1	30.11.21
13		Волшебный цвет	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	07.12.21
14		Как я готовлюсь к школе?	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и корорткими фразами	1	14.12.21
15		Что я знаю о школе?	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	21.12.21
16	Кто рядом со мной?	Я и моя семья	0.2.2.1. Создать высказывание не менее 2-3 простых предложений	1	28.12.21
17		Где работают родители?	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и корорткими фразами	1	17.01.22
18		Мои дедушка и бабушка	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	24.01.22

19		Как мы проводим выходной день?	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	31.01.22
20		Мой дом	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	14.02.22
21		Мои друзья	0.2.3.1. Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику и жест	1	21.02.22
22		Семейный дастархан	0.3.1.1. Извлечение информации из различных источников Находит информацию в картинах , иллюстрациях и соотносит их	1	28.02.22
23		Что я знаю о семье?	0.2.3.1. Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику и жест	1	05.03.22
24	Какие чудеса вокруг нас?	Мне нравятся зима и лето	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	14.03.22
25		Что бывает осенью и весной?	1.1.1.1. Прозносить и различать звуки в словах и фразах	1	04.04.22
26		Наурыз	0. 2. 3 .1 .Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами ,используя образец ,мимику жесты	1	11.04.22
27		Что вкусно и полезно	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	18.04.22
28		Из чего мы едим Моя малая Родина	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	25.04.22
29		Транспорт//Едет,плывет,летит	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	02.05.22
30		Мир насекомых	0.1.4.1. Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку) , словами и короткими фразами	1	10.05.22
31		Радуга-дуга Скоро в школу	0.2.3.1. Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику и жест	1	16.05.22
32		Здравствуй,лето!	0. 2. 3 .1 .Внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами ,используя образец ,мимику жесты	1	23.05.22

Өзін-өзі тану Түсінік хат

Қазіргі қоғам жастардың бойына адами құндылықтарды – мейірімділікті, сүйіспеншілікті, қайырымдылықты, әдептілікті, қамқорлықты бойына сіңіріп тәрбиелеуді талап етеді.

«Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім берудің балабақша, мектеп бағдарламасына арнайы пән ретінде енгізілуі жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарын дамытып, қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Мектепке дейінгі кезеңде жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес баланың жеке тұлғалық мәдениетінің негіздері қаланады. Сондықтан баланың бойына туған-туысқандары мен жақын адамдарына сүйіспеншілік, айналасындағы жанды-жансыз дүниеге қайырымды көзқарастары мен сезімталдық сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастыру аса маңызды.

Мақсаты:

- Мейірімділік, махаббат, сыпайылық, адалдық, Отан, өмір, денсаулық, адам, отбасы, достық, табиғат сияқты рухани-адамгершілік құндылықтар туралы бастапқы түсінік беру;
- Жақсы мен жаманның не екенін түсіндіріп, жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алуға, достарына, туыстары мен жақындарына шамасына қарай көмек көрсетіп, қамқор бола алуға, мейірімді болуға үйрету.

Міндеті:

- бұл тек өзі туралы біліп қана қою емес, қоғамдық – қатынастар жүйесіндегі адамдар арасындағы өз орнын таба білу өзін тұлға ретінде сезіну;
- тұлғаның рухани-адамгершілік дамуының негізгі бағыты.
- **Күтілетін нәтиже:**

Пән мазмұнының логикалық құрылымын өзін-өзі тану бойынша күтілетін нәтижелер жүйесі негізінде анықтауға **жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі, жеке тұлғаның негізгі қасиеттері, адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің құрамдас компоненттері** негіз болатын төрт негізгі бөлім қамтыды. Олар:

адамның өзін-өзі тануы;

- адам және қоғам;
- адам және қоршаған орта;
- адамзаттың рухани тәжірибесі;

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар**
Білім саласы: «Әлеумет» Өзін-өзі тану
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат

№	Ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлімі бөлімі	№	Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы	Оқудың мақсаттар	Сағат саны	Мерзімі
1	Мен адаммын	1	«Өзін-өзі тану әлеміне» саяхат	«Өзін-өзі тану» әлемі туралы түсініктерін кеңейту.	1	01/08.09.21
		2	Мен ерекше баламын	Балалардың өзіндік «Менің» ұғындыру. Өздерін тануға, өз ерекшеліктерін білуге үйрету.	1	15.09.21
		3	Отбасым – бақыт мекені.	Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.	1	22.09.21
		4	Достаса білейік.	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.	1	29.09.21
		5	Менің балабақшам	Балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	1	06.10.21
		6	Менің тәрбиешім	Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	1	13.10.21
		7	Жақсылық жасай білеміз	«Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.	1	20.10.21
		8	Мен бақытты баламын	«Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру.	1	27.10.21
2	Қарым-қатынас қуанышы	9	Жақсы қарым-қатынас жасауға үйренеміз	Балаларды өзара жақсы қарым-қатынас жасай білуге үйрету.	1	10.11.21
		10	Жүрегімде жақсылық	«жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.	1	17.11.21
		11	Жақсы сөз жанды жадыратар	Балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері	1	24.11.21
		12	Отбасындағы сүйіспеншілік	«Сүйіспеншілік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.	1	01.12.21
		13	Дос болайық, бәріміз	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.	1	08.12.21
		14	Менің кішкентай достарым	«Қамқорлық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.	1	15.12.21
		15	Достық татулықтан басталады	«Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.	1	22.12.21
		16	Бәрін жақсы көремін	«жақсы көру» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.	1	29.12.21
3	Адамгершілік әліппесі	17	Мен әдепті баламын	«әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту.	1	19.01.22
		18	Мен ұқыпты баламын	«Ұқыптылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.	1	26.01.22

		19	Мен елгезек баламын	тыңдау, тіл алу, елгезектік туралы түсініктерін кеңейту.	1	02.02.22
		20	Мен жақсы баламын	«жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.	1	16.02.22
		21	Мен еңбекқор баламын	«еңбек», «еңбексүйгіштік» туралы түсінік беру.	1	23.02.22
		22	Достық көмек	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.	1	02.03.22
		23	Мен осындай баламын	«жақсы адам» сөзінің мғынасын түсіндіру.	1	09.03.22
4	Мен және менің әлемім	24	Мен табиғаттың бөлшегімін	Табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін түсіндіру.	1	16.03.22
		25	Табиғаттан үйренейік	Табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту.	1	06.04.22
		26	Өнердің ғажайып әлемі	«өнер» құндылығы туралы түсіндіру.	1	13.04.22
		27	Туған жерімді сүйемін	«Отан», «сүйіспеншілік», «туған жер» құндылықтарының маңыздылығын түсіндіру.	1	20.04.22
		28	Ұлттық дәстүрім-мақтанышым	Ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	27.04.22
		29	Ынтымағы жарасқан елміз	«ынтымақ» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.	1	04.05.22
		30	Отанға сүйіспеншілік	«Отан» құндылықтарының маңыздылығын түсіндіру.	1	11.05.22
		31	Мың алғыс саған,	«Өзін-өзі тану» сабақтарында алған білімдерін бекіту.	1	18.05.22
		32	Өзін-өзі тану әлемі!			

Сурет салу Түсінік хат

«Сурет салу» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Шығармашылық» Сурет салу
Аптасына: 1 сағат, барлығы: 32 сағат**

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырып	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	« Мен кімін және қандаймын?»	1. Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бірбірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.	1	06.09.21
		2.Күзгі орман (Акварель бояу)	Мақсаты: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	1	13.09.21
		3.Тостаған (Акварель бояу)	Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту.	1	20.09.21
		4.Торсық (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.	1	27.09.21
2	«Мектепке не үшін барамыз?»	5.Жаңбырлы күн (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.	1	04.10.21
		6. Қоржынды сәңдейміз (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.	1	11.10.21
		7. Автобус (Түрлі түсті қарындаштар)	Мақсаты: төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету.	1	18.10.21
		8. Бидай масақтары (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.	1	25.10.21
3	«Менің айналамда кімдер бар?»	9.Сазбалшықтан жасалған табақ (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру.	1	08.11.21
		10.Құмыра (Акварель бояу)	Мақсаты: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету.	1	15.11.21
		11.Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу)	Мақсаты: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл параққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.	1	22.11.21
		12.Ертегідегі құс (Акварель бояу)	Мақсаты: құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру.	1	29.11.21

4	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	.Менің сүйікті ертегім (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.	1	06.12.21
		14. Қолғап (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету.	1	13.12.21
		15. Мерекелік отшашу (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту.	1	20.12.21
		16. Жаңа жыл мерекесі (Акварель бояу)	Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту.	1	27.12.21
5	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	17. Аязата (Акварель бояу)	Мақсаты: қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету.	1	21.01.22
		18. Мерекелік дастарқан (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.	1	28.01.22
		19. Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы (Акварель бояу)	Мақсаты: серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету.	1	04.02.22
6	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	20. Қар кесегі (Акварель бояу)	Мақсаты: қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.	1	18.02.22
		21. Атама арналған тымақ (Акварель бояу)	Мақсаты: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішін, олардың бөліктерінің үйлесімділігін бере білуге үйрету.	1	25.02.22
		22. Қаршақыздың сүйікті достары: мысық, күшік (Акварель бояу)	Мақсаты: Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету.	1	04.03.22
		23. Қысқы табиғат (Акварель бояу)	Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.	1	11.03.22
7	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	24. Қуыршақтың қамзолы (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.	1	18.03.22
		25. 8 Наурыз ашықхаты (Акварель бояу)	Мақсаты: анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.	1	01.04.22
		26. Қызғаншақ қонжықтар (Акварель бояу)	Мақсаты: түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу, дұрыс қарымқатынас жасай білу дағдыларын дамыту.	1	08.04.22
		27. Сәукелені әшекейлейміз (Акварель бояу)	Мақсаты: сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу.	1	15.04.22
8	«Денсаулықты қалай күту	28. Ұлу (Акварель бояу)	Мақсаты: балаларды сурет салуда жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуге үйрету, ұлудың суретін салудағы ептілік	1	29.04.22

	керек?»		пен дағдыларын дамыту.		
		29.Көрікті көктем (Акварель бояу)	Мақсаты: көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету.	1	06.05.22
		30.Сырмақты әшекейлейміз (Акварель бояу)	Мақсаты: қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, ою-өрнектердің сипатын, түсінің үйлесімділігін бере отырып, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету.	1	13.05.22
		31.Ғажайып ұшақ (Акварель бояу) //32.Алма ағашы гүлдеді (Акварель бояу)	Мақсаты: күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.	1	20.05.22
			Мақсаты:көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту.	1	

Қоршаған ортамен танысу Түсінік хат

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) бойынша дайындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша берілген оқу материалдары (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Осы берілген бағдарлама бөлімінде 5 – 6(7) жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған:

Мақсаты: балалардың қоршаған орта, адамдардың іс-әрекеті жайлы түсінігін кеңейту.

Міндеттері:

- балаларда жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі, оларға қамқорлық көрсету ұмтылысы, туған еліне, қаласына деген бауырмалдық пен оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу;
- адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауды, балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту.

Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа ұлттың адамдарына, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне мейірімділік және құрметтілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

Білім беру саласы: «Әлеумет».

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу.

Аптасына: 0,5 барлығы 16 сағат

№	Тақырыбы	ҰОҚ-нің өтпелі тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	Заттардың адам өміріндегі маңызы.Заттар неден жасалады?	«Мен кімін және қандаймын?»	Балаларға заттардың адам өміріне маңызы туралы түсінік беру.заттардан жасалатын бұйымдармен таныстыру.Әр заттың маңызы туралы білімдерін кеңейту.Заттардың қасиеті туралы білімдерін кеңейту.Қызығушылықтарын ояту.	1	14.09.21
2	Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік.		Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу.қауіпті жағдайларды ескере отырып үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.	1	28.09.21
3	Барлық мамандық қажет,барлық мамандық маңызды.	«Мектепке не үшін барамыз?»	Үлкендердің еңбегі туралы балалардың білімін толықтыру. Балаларды үлкендердің еңбегіне баулу. Қандай маман иесі болмасын, оны сыйлауға тәрбиелеу.	1	12.10.21
4	Көшедегі қауіпсіздік.Жол белгілері		Жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыр;жол белгілері туралы түсінік беру.Көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу.Қоғамдық және көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту.	1	26.10.21
5	Нан дастарханға қалай келеді	«Менің айналада кімдер бар?»	Диханшы еңбегі туралы білімдерін толықтыру .Нанды ардақтауға ысырап қылмауға тәрбиелеу,үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу.	1	09.11.21
6	Менің Отаным Қазақстан.		Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет екенін айтып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.	1	23.11.21
7	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	«Менің айналада не қоршап тұр?»	Балаларды рәміздермен таныстырып, өз елінің тарихына деген қызығушылықтарын арттыру. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	07.12.21
8	Байланыс құралдары.		Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыру.Байланыс құралдарымен ақпарат құралдарының айырмашылығы менұқсастығын таба білу,байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту.Адамдардың телефонмен қарым-қатынас жасау баысында әдептілікті	1	21.12.21

			сақтауға, мәдениетті болуға, дұрыс жауап беруге баулу.		
9	Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Тұрмыстық техника туралы түсінік беру. Олардың тұрмысқа қажеттілігі туралы түсіндіру. Оларға ұқыптылықпен қарау керек туралы білімдерін кеңейту. Үлкендерсіз техникаға жақындамау керек екенін ұғындыру. Ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	1	25.01.22
10	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктер		Балаларға көліктер туралы түсінік беру. Олардың үш түрге бөлінетіні туралы айту. Әр көліктің өзіне тән қызметі барын ұғындыру. Жол ережелерін жолда сақтауға білімдерін кеңейту. Көліктерді ажырата біліуге тәрбиелеу.		15.02.22
11	Менің елімнің салт-дәстүрлері.	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру, әр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы білім беру. Өз салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	01.03.22
12	Жайлау киіз үй		Балаларға жайлау киіз үй туралы жалпы түсінік беру, ата-бабаларымыздың тұрмысы туралы мәлімет беру. Қоршаған ортаны танып-білуге жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты сүйюге баулу, киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу.	1	05.04.22
13	Еліміздің ірі қалалары	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Еліміздің ірі қалалары туралы мағлұмат беру, олардың көрікті жерлерімен таныстыру. Қала мен ауылдың айырмашылықтарын түсіндіру.	1	19.04.22
14	Қазақстан байлықтары мен жетістіктері		Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің қалаларымен таныстыру. Туған елге сүйіспеншіліктерін аррыру, отансүйгіштікке баулу.	1	03.05.22
15-16	Ұлы Отан соғысы ардагерлері	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Еліміздің көпұлтты республика және жергілікті ұлт-қазақ халқы екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізу. Әп ұлттың ерекшелігі өздерінің салт-дәстүрлері бар екенін және Қазақстан олардың Отаны екенін саналарына жеткізу. Ұлтаралық татулыққа достыққа сыйластыққа баулу..	1	20.05.22

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Түсінік хат

Бұл әдістемелік нұсқау *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы* бойынша «Денсаулық» білім беру саласындағы «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ҰОҚ бойынша дайындалған. Жаңабуынның «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» оқу-әдістемелік кешенітөмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпығаміндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білімберудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» сабағының мақсаттары пен міндеттері:

Мақсаты: денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру,
- өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын дамыту,
- тұрмыстағы, көшедегі және табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту,
- салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсінуді қалыптастыру.

«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» сабағының мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

Білім саласы: «Денсаулық»

Бөлімі: Қауіпсіз мінез-құлық негіздері

Аптасына: 0.5 сағат, барлығы: 16 сағат

№	ҰОҚ-нің өтпелі тақырыбы	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	«Мен кімін және қандаймын?»	Мен кімін? Адам денесі	Балалардың күн ережесі туралы білімдерін кеңейту. Бала денсаулығының басты кепілі – дене бітімі және жалпақтабан туралы мағлұматтар беру.	1	13.09.21
2		Ас қорыту жүйесі. Асқазан	Ас қорыту мүшесімен таныстыру.	1	27.09.21
3	«Мектепке не үшін барамыз?»	Тамақтану.	«Тамақтану» түсінігінің маңызын ашу. Бала денсаулығын нығайтудағы дәрумендердің алатын орнын көрсету.	1	11.10.21
4		Табиғат – тіршілік нәрі.	Балалардың табиғат туралы білімдерін бекіту. Адам, өсімдік, жануарлар өмірі, табиғат сыйына мәлімет беру.	1	25.10.21
5	«Менің айналамда кімдер бар?»	Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері	Жолда жүру ережелеріне мағлұматтар беру. Балалардың жолда жүруінің тәртіп ережелерін қалыптастыру. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын тудыру.	1	15.11.21
6		Мен-үйдемін. Қауіпсіздік мектебі.	Балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері жөнінде түсінік беру.	1	29.11.21
7	«Менің айналамды не қоршап тұр?»	Өзіңе және өзге адамдарға көмектес	Көмек беру туралы түсінік беру. Балаларға өзіне және басқа адамдарға көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	13.12.21
8		Мен жүрек туралы не білемін?	Балаларды адамның ең негізгі мүшесі – жүрекпен таныстыру. Жүректің жұмысы және оның қызметіне мәлімет беру.	1	27.12.21
9	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Сезім мүшелері	Адам денесіндегі сезім мүшелері туралы түсінік беру. Әр мүшенің өзіне тән қызметі барын ұғындыру. Дене мүшелеріне ұқыптылық, таза ұстай білуге тәрбиелеу.	1	24.01.22
10		Мұрын, тыныс алу және иіс сезу мүшелері	Мұрын тыныс алу мүшесі екені туралы түсінік беру. Ол мүшенің иіс сезу мүшесі екенін ұғындыру. Дене мүшелеріне тазалықпен қарай білуге дағдыландыру.	1	14.02.22

11	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Өкпе –тыныс алу мүшесі	Өкпе адам денесіндегі тыныс алатын мүшесі екені туралы түсінік беру.Өкпеге таза ауа керек екенін ұғындыру.Тазалықты сақтай білуге тәрбиелеу.	1	28.02.22
12		Бүйрек	Бүйректің қызметімен таныстыру.Әр адамның дене мүшесіне қамқорлықпен қарау керек екені туралы түсіндіру.	1	14.03.22
13	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Тіл	Тіл сезу мүшесіне жататыны туралы түсінік беру.Ауыс қуысын тамақ ішкен кезден кейін тазалай білуге тәрбиелеу.	1	11.04.22
14-15	Денсаулықты қалай күту керек?	Дәрумендер \\ Судың тазасы – дерттің қазасы	Адам ағзасына дәрумендердің пайдасы мол екені туралы түсінік беру.Дәрумендерді тиінақты қолдана білуге қызығушылықтарын арттыру.Жеміс,көкөністер ді жер алдында жуып жеуге тәрбиелеу. Балаларға судың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік беру. Оны пайдаланудың ережелерін бала бойында қалыптастыру	2	25.04.22
16		Байланыс құралдары	Байланыс құралдары туралы түсінік беру.Байланыс құралдарын дұрыс қолдана білуге тәрбиелеу.Үлкендердің еңбектерін бағалай білуге дағдыландыру.	1	23.05.22
		Барлығы:		16 сағат	

Құрастыру Түсінік хат

«Құрастыру» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім берусаласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау. Бұл әдістемелік нұсқау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Таным» білім берусаласындағы «Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) бойынша дайындалған.

Бұл бағдарламаның негізін құрайтын идеялар:

- тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық даярлығын қалыптастыруды көздейтін бағыт;
- бағдарламаның мақсатына жетуде барлық субъектілердің ынтымақтастығы мен бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Барлық іс-шаралар мен ҰОҚ болашақ бірінші сынып оқушыларын оқытуға емес, олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, құрдастарымен және тәрбиеленушілермен бірлесе отырып білу біліктерін дамытуға ерекше мән береді.

Осы берілген бағдарлама бөлімінде 6–7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған.

Мақсаты: құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиял мен логикалық ойлауды дамыту.

Міндеттері:

- тәрбиеленушілерді құрастыру жұмысына деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- қарапайым конструктивтік шешімдер таба алу, топта жұмыс жасау біліктерін дамыту;
- тәрбиеленушілерді еңбек мәдениетіне тәрбиелеу

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Білім саласы: «Таным» Құрастыру
Аптасына: 0,5 сағат, барлығы: 16 сағат**

№	Тақырыбы	ҰОҚ-нің өтпелі тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	Оригами «Ұшақ».	«Мен кімін және қандаймын?»	Балаларды қағазды дұрыс бүктеуге үйрету. Ұшақпен таныстырып, білімдерін кеңейту. Балаларға қағаздың қарапайым бүктеу тәсілдерін, қағаз бұрыштарының бір – біріне сәйкес келуін қадағалауды үйрету.	1	07.09.21
2	Көңілді автобус		Балаларға автобусты қатты қағаздардан жасау жолдарымен таныстыру. Жұмысты қызығушылықпен жасай білуге тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерді сақтай білуге білімдерін кеңейту.	1	21.09.21
3	Жәндіктер	«Мектепке не үшін барамыз?»	Жәндіктерді сурет арқылы таныстырып, түсінік беру. Ағаштардың жапырақтарымен жәндіктерді құрастыруға білімдерін кеңейту. Ұйымшылдықпен, қызығушылықпен жұмысты соңына дейін жасай білуге тәрбиелеу.	1	05.10.21
4	Жануарлар әлемі		Балаларға жанауарлар туралы қысқаша мағлұмат беру. Кіндердің қорабымен жан-жануарларды құрастыра алуға қолдарын жаттықтыру. Қызығушылық сезімдерін ояту. Қауіпсіздікті сақтай білуге дағдыландыру.		19.10.21
5	Құрылыс материалы. Менің үйім	«Менің айналамда кімдер бар?»	Көп қабатты үйлер және ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, сызба бойынша құрастыруға, құрылыс материалдарын тандай білуге үйрету.	1	16.11.21
6	Ормандағы мекендеушілер		Ормандағы мекендеушілер туралы айту. Ермексаздан орман мекендеушілердің қалауынша мүсіндеуге қызығушылықпен жасай білуге дағдыландыру. Жануарлардың атауын дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Ұқыптылықпен жасай білуге тәрбиелеу.	1	30.11.21
7	Ою-өрнектер	«Менің айналамды не қоршап тұр?»	Ою-өрнектермен таныстыру. Әр оюдың атауларын жатқа білуге білімдерін кеңейту. Ермек сазбен ұлттық оюларды құрастыра алуға тәрбиелеу.	1	14.12.21
8	Көліктер		Көлік және оның түрлері туралы түсініктерін бекіту; өз беттерінше құрастырудың жеке жолдарын ойлап табу дағдыларын қалыптастыру	1	28.12.21
9	Түлкі мен ешкі	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Түлкі мен ешкі туралы етегіні еске түсіру. Қатты қағазбен бейнені дұрыс қия білуге дағдыландыру. Жан-жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	18.01.22
10	Табиғи материалдан. «Орман».		Орман жайлы түсінік беру, сұлулықты сезінуге қалыптастыру.	1	01.02.22
11	«Киіз үй». (Пластикалық бөтелке).	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Киіз үйдің құрылымымен таныстырып, пластикалық материалдан оны жасауға үйрету. Көркемдік талғамдарын дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	22.02.22

12 13	Сиқырлы қораптар//Жаңғақ қабығымен құрастыру		Қажет емес қораптардан әр түрлі бейнелерді құрастыруға болатыны туралы түсіндіру. Түрлі-түсті қағаздарды қолдана бейнелер құрастыруға қызығушылықтарын ояту. Қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып, ұжымдықпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1	15.03.22
14	«Мен үшін не дәмді және пйдады?»		Балалармен құрастырғыш құралдарды қолдана төбешіктер құрастыруға бейімдеу.	1	12.04.22
15	Төбешіктер	«Мен үшін не дәмді және пйдады?»	Балаларға мысық бейнесін құрастыру жолдарымен таныстыру. Сіріңке қорабын қолдана мысық бейнесін құрастыруды түсіндіру. Әр бөлшекті дұрыс қия білуге қолдарын дағдыландыру. Бейнені дұрыс бейнелей білуге бейімдеу. Жұмысты соңыны дейін жасай білуге тәрбиелеу.	1	26.04.22
16	Күшіктер		Балаларға геометриялық пішіндерді қолдана күшіктерді құрастыруға болатыны туралы түсінік беру. Ұқыптылықпен жұмысты жасай білуге тәрбиелеу.	1	24.05.22

Құрастыру Түсінік хат

«Құрастыру» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім берусаласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау. Бұл әдістемелік нұсқау Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Таным» білім берусаласындағы «Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОК) бойынша дайындалған.

Бұл бағдарламаның негізін құрайтын идеялар:

- тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық даярлығын қалыптастыруды көздейтін бағыт;
- бағдарламаның мақсатына жетуде барлық субъектілердің ынтымақтастығы мен бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Барлық іс-шаралар мен ҰОК болашақ бірінші сынып оқушыларын оқытуға емес, олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, құрдастарымен және тәрбиеленушілермен бірлесе отырып білу біліктерін дамытуға ерекше мән береді.

Осы берілген бағдарлама бөлімінде 6–7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған.

Мақсаты: құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиял мен логикалық ойлауды дамыту.

Міндеттері:

- тәрбиеленушілерді құрастыру жұмысына деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- қарапайым конструктивтік шешімдер таба алу, топта жұмыс жасау біліктерін дамыту;
- тәрбиеленушілерді еңбек мәдениетіне тәрбиелеу